

**Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТИ**

**«БЕКІТЕМИН»**  
/К. Жұбанов атындағы Ақтөбе  
өңірлік университетінің  
Басқарма Төрагасы-Ректор  
Л. Ч. Карабасова  
«30» ғарыш 2023 ж.




**«ОҚЫТУШЫ-ЗЕРТТЕУШІ»  
БІЛІКТІЛІГІН ЕҢГІЗУ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

**Қызметтік қолдануға арналған басылым**

**Ақтөбе 2023**

## 1. АТАЛҒАН ЕРЕЖЕ ЖАСАҚТАЛДЫ

- ғылым және инновация жөніндегі проректор  Бекназаров Р.А.  
- ғылым және инновация департаментінің директоры  Жантурина Н.Н.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өнірлік университетінің ректоры тарапынан Ғылыми кеңестің шешімі («30 маусым 2013ж. №16хаттама) негізінде **БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕҢГІЗІЛДІ**

## 2 ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ жаңасымен ауыстырыланға дейін

### 3 1.0 иүекасының ОРНЫНА ЕҢГІЗІЛГЕН

4 Аталған Ереже М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің «Профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерді ғылыми басылымдардағы жарияланымдар мен ғылыми қызметті қаржыландыруға өтінімдер беру нәтижелері негізінде оларға - «оқытушы-зерттеуші» біліктілігін енгізу арқылы көтермелесу шараларын жүргізу туралы» Ережесінің негізінде әзірленді.

Аталған ережені Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының реңми рұқсатының реңми басылым ретінде толық немесе ішінара көшіруге, көшіруге және таратуға болмайды.

Аталған ереже Қ. Жұбанов атындағы АӨУ ректорының реңми рұқсатымен ғана үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.

## **1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

Аталған Ереже Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өнірлік университетінде «оқытушы-зерттеуші» біліктілігін енгізу тәртібін нақтылайды.

## **2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Аталған Ереже келесі нормативтік құжаттарға сай жасақталды:

2.1 Қазақстан Республикасының 2011 жылдың 18 акпанындағы № 407-IV «Ғылым туралы» Заңы (өзгерістер және толықтырулармен)

2.2 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жыл 25 мамырдағы №575 «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-ниссаналық қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» қаулысы (өзгерістер және толықтырулармен)

## **3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

3.1 Аталған Ереже «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өнірлік университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Университет) қызметкерлерінің жетекші әлемдік және республикалық ғылыми-білім беру орталықтары, университеттер арасында бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ғылыми қызметке және жогары рейтингті ғылыми журналдардағы жарияланымдарды ілгерілетуге ынталандыру тетігін айқындайды.

3.2 Ереже Университеттің 2020-2024 жж. Стратегиялық даму жоспарына сәйкес әзірленді.

3.3 Ғылыми зерттеулер нәтижелерінің Scopus және/немесе Web of Science (Web of Knowledge) деректорларымен индекстелетін, жетекші отандық және шетелдік журналдарда жариялануы университеттің қазақстандық және халықаралықрейтингтердегі позициясының негізгі көрсеткіштері, сондай-ақ университеттің ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіші болып табылады.

3.4 Караптырылу үшін Университет қызметкерлерінің Web of Science (Web of Knowledge) және/немесе Scopus халықаралық деректорларымен индекстелетін басылымдарда жарияланған «K. Zhubanov Aktobe Regional University» деп аффилиацияланған енбектер қабылданады.

3.5 Ереже ай сайынғы қосымша төлем алуға үміткер зерттеуші-оқытушының біліктілігін, оқытушы-зерттеушілердің жобаларын іріктеу критерийлерін, ай сайынғы ынталандыруши қосымша төлемнің мөлшерін және бір жыл өткеннен кейін ғылыми қызметті бағалау әдісін белгілейді. Қосымша төлем түріндегі материалдық көтермеленеу осы Ережеде көрсетілген тәртіп бойынша және көрсетілген талаптарға сай ғылыми басылымдардағы жарияланымдар үшін жүзеге асырылады.

## **4 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР**

Аталған Ережеде төмендегіше негізгі ұғымдар пайдаланылады:

4.1 **Фалым** - ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын және ғылыми және (немесе) ғылыми- техникалық қызмет нәтижелерін алатын жеке тұлға.

4.2 **Ғылыми зерттеулер** - ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне кол жеткізу мақсатында ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар шеңберінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері тиісті ғылыми әдістермен және құралдармен жүзеге асыратын қолданбалы, іргелі, стратегиялық ғылыми зерттеулер.

4.3 **Оқытушы-зерттеуші** - жаңа буынның жогары білікті маманы, ол теориялық және практикалық сипаттағы зерттеулермен айналыса алады, сонымен катар жогары оқу

орындарындағы ғылымиң әртүрлі салаларында оқытушылық қызметті жүзеге асыра алады.

4.4 **Ғылыми-зерттеу жұмысы** - бар білімді кеңейту және жаңа білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, табиғат пен қоғамның даму заңдылықтарын анықтау, ғылыми жинақтау, жобаларды ғылыми негіздеу мақсатында ғылыми ізденіспен, зерттеулер, эксперименттер жүргізумен байланысты жұмыс.

4.5 **Ғылыми мақала** - ғылыми зерттеудің нәтижелерін сипаттайтын (алғашкы ғылыми мақала) немесе жалпы тақырыпқа байланысты бүрын жарияланған ғылыми мақалаларды қарауға арналған авторлық шыгарма (шолу ғылыми мақала).

4.6 **Ғылыми және (немесе) ғылыми техникалық қызметтің нәтижесі** - ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті орындау барысында алынған және кез келген ақпараттық жеткізгіште тіркелген жаңа білім немесе шешімдер, ғылыми әзірлемелер мен технологияларды өндіріске енгізу, сондай-ақ, жаңа бұйымдардың, материалдар мен заттардың модельдері, макеттері, үлгілері.

4.7 **Ғылыми журнал** - ғылыми әдебиеттерге жататын және ғылыми ақпараттың негізгі көздерінің бірі болып табылатын мерзімді басылым (баспа немесе электрондық).

4.8 **Дәйексөз индексі** - ғалымның немесе ғылыми ұжымның ғылыми жұмысының «маңыздылығының» ғылыми әлемде қабылданған шарасы. Дәйексөз индексінің мөлшері басқа дерекөздердегі жарияланымға немесе автордың тегіне сілтемелер санымен анықталады. SCI - бұл ең көп таралған ғылыми метрикалық көрсеткіштердің бірі. Ғылыми- білім беру үйімдарында цитат көлтіру индексі жоғары ғалымдардың болуы жалпы ЖОО қызметінің жоғары тиімділігі мен нәтижелілігін көрсетеді.

4.9 **Квартиль** - дәйексөз деңгейінің белгілі бір көрсеткіштеріне сәйкес келетін ғылыми журналдардың санаты, ол ғылыми қоғамдастық тарапынан оның талап етілу деңгейін көрсетуі тиіс. Квартиль жүйесінде (Q), онда бір ғылым саласындағы барлық журналдар дәйексөз дәрежесіне байланысты 4 топқа бөлінеді (Q1 – ең жоғары дәйексөз индексі, Q4 – ең төмен), Scopus және Web of Science базаларына кіретін және индекстелетін квартильдер SCImago Journal Rank (SJR) мәндерімен анықталады.

4.10 **Наукометриялық мәліметтер базасы** - библиографиялық және реферативтік мәліметтер базасы, ғылыми жарияланымдардың дәйексөзділігін қадағалауға арналған құрал.

4.11 **«Scopus» немесе «Скопус»** - библиографиялық және реферативтік деректер және ғылыми басылымдарда жарияланған мақалалардың дәйексөзділігін қадағалауға арналған құрал.

4.12 **Web of Science** - бұл қызметтің барлық ықтимал ғылыми салаларында әр түрлі ғылыми еңбектердің дәйексөзін қелтіру, индекстеу және талдау бойынша әлемдік ресурстардың рефераттық дереккоры.

## 5 МЕРЗІМДІ ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМДАРДЫ БАҒАЛАУ

5.1 ISI Web of Science (Web of Knowledge) мәліметтері бойынша журналдардың халықаралық тізімдері келесі бағыттар бойынша бөлінеді (JCR Social Sciences Edition және JCR Social Sciences Edition). Облыстар одан әрі санаттарға бөлінеді. Журналдың импакт-факторына байланысты әр санатта төрт дәреже бар: Q1, Q2, Q3, Q4.

5.2 Журнал әртүрлі санаттары бойынша екі түрлі дәрежеде болған кезде оның дәрежесі мақала авторының мүдделеріне сүйене отырып анықталады.

## 6 ҮНТАЛАНДЫРУ ШАРАЛАРЫ

6.1 Осы Ережеде көрсетілген талаптарды қанағаттандыратын жарияланымдардың және ғылыми жобаларды қаржыландыруға берудің нәтижелері бойынша материалдық көтермелеу шаралары бір жыл ішіндегі ай сайынғы төлемдер болып табылады.

6.2 Автордың жұмыс орны ретінде «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өнірлік университеті» көрсетілген жарияланымдар иесі университет қызметкері болып есептеледі. Автордың жұмыс орны туралы акпарат басылымның ережесінде көрсетілмеген жағдайдағанда юұл талап орындалмауы мүмкін.

6.3 Материалдық көтермеледеуді қаржыландыру көзі Университеттің бюджеттен тыс коры болып табылады.

6.4 Қосымша төлем сомасы Басқарма Төрағасы – Университет Ректорының бұйрығы шыққан сәттен бастап, ай сайын 12 (он екі) ай ішінде салық шегерімін ескере отырып, ай сайын 200 000 (екі жұз мың) теңге көлеміндегі мөлшерді құрайды.

6.5 «Оқытушы-зерттеуші» ПОҚ қызметі өзгеріске түсіпейтін, оған жыл бойы ага оқытушы, доцент, профессор қызметіне өтініші жасауга құқық беретін біліктілік болып табылады.

## 7 ОҚЫТУШЫ-ЗЕРТТЕУШІГЕ ҚОЙЫЛАТЫН БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

7.1 Оқытушы-зерттеуші біліктілігі университет қызметкерлерін ғылыми қызметке ынталандыру және жарияланымдарды жоғары рейтинглі ғылыми журналдарға ілгерілету үшін енгізілді.

7.2 Өтінімді төмендегі талапқа сай оқытушылар бере алады:

- философия докторы (PhD) немесе профилі бойынша ғылым докторы немесе ғылыми дәрежеге (кандидат, доктор) ие адамдар. Сонымен бірге шетелден алған дипломдарының эквиваленттілігін мойындуға үздісі талап етілмейді;

- Science Citation Index Expanded деректер базасындағы Q1, Q2, Q3 квартиліне ие Web of Science және (немесе) Scopus базасында CiteScore 50-ден кем емес журналдардан соңғы үш жылда кемінде 3 (үш) мақаласы мен (немесе) шолуларын жарыққа шыгаруы қажет.

7.3 Біліктілік талаптарына сәйкес (7.2 тармақ бойынша) келетін қызметкерлер ғылыми жобасын сипаттайтырып, 6.4 тармақ талабына сай ай сайынғы қосымша төлемге өтінім береді.

7.4 Зерттеуші-оқытушы біліктілігіне үміткердің оқу жүктемесі 0,75 мөлшерден аспауы тиіс.

## 8 ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРИ

Тапсырылған ғылыми жобалар төмендегідей критерийлер бойынша бағаланады:

№	Критерийлер	Баллы
1	Ғылыми жаңалығы	10
2	Такырыптың өнір үшін маңыздылығы	30
3	Авторлың такырыпты игеру деңгейі	10
4	Әлеуметтік маңыздылығы	10
5	Медиалық тартымдылығы	10
6	Көрсетілген жузеге асыру механизмдерінің оңтайлылығы	10
7	Коммерцияландыру мүмкіндігі	20
	Барлық балл саны:	100

## 9 ОҚЫТУШЫ-ЗЕРТТЕУШІ БІЛІКТІЛІГІНЕ ӨТІНІМДЕРДІ БЕРУ ҚАРАСТЫРУ РӘСІМІ

9.1 Қызметкерлердің ғылыми және жарияланымдық белсенділігін сараптап-багалау үшін Басқарма төрағасы – Ректордың бұйрығымен Басқарма мүшесі ғылым және инновация инновациялар жөніндегі проректордың жетекшілігімен ғылым және инновация департаменті, академиялық қызмет жөніндегі департамент, экономикалық жоспарлау және қаржы департаменті және Университеттің профессор-оқытушылар құрамы және қаржы департаменті және Университеттің профессор-оқытушылар құрамы

өкілдерінен кемінде 5 адамнан тұратын Сараптау комиссиясы құрылады.

9.2 Оқытушы – зерттеуші біліктілігі үшін косымша ақы алуға өтініш беруші Ереженің 7.2 және 7.4 - тармағында көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкес келетін Университет қызметкері болады.

9.3 Конкурсқа қатыса алмайды:

- зейнет жасына жеткен және ағымдағы немесе одан кейінгі академиялық жылы зейнетке шығатын тұлғаларға;

- ағымдағы жылы «ЖОО-ның үздік оқытушысы» конкурсына қатысуды жоспарлап отырган ПОҚ және өтініш берген кезеңнің алдындағы жылы «ЖОО-ның үздік оқытушысы» атагын иеленгендер;

Егер оқытушы ағымдағы жылы «ЖОО-ның үздік оқытушысы» конкурсында женіске жеткен жағдайда, шарт конкурс бойынша өткен тізімдер жарияланған сәттен бастап оқытушы біліктілігі үшін тиісті үстемеакысыз 0,75 ставка жүктемесімен жұмыс істеуді жалғастырады.

9.3 Өтініш беруші Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректордың атына материалдық көтермелегу туралы жазбаша өтініш береді (1-қосымша).

9.4 Өтінім беруші Сараптау комиссиясына Ереженің 6.1 - тармағында сипатталған критерийлерді канагаттандыратын ғылыми жобаның сипаттамасын ұсынады.

9.5 Сараптау комиссиясы құжаттардың осы Ережеде белгіленген талаптарға(7.2, 7.4) сәйкестігі мен мәніне сараптама жүргізеді, ол хаттамамен ресімделеді.

9.6 Сараптама комиссиясының оң корытындысы негізінде Ғылым және инновация департаменті осы Ережеде көрсетілген мөлшерде өтініш берушіні материалдық көтермелегу туралы бұйрық шығарады.

9.7 Есептеген материалдық ынталандыру сомасына барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер қолданылады.

9.8 Материалдық ынталандыру Басқарма Төрағасы – Университет Ректорының бұйрығы шыққан сәттен бастап ай сайынғы төлем негізінде бір жыл (12 ай) мерзімге тағайындалады.

9.9. Аталған біліктілікті тағайындау туралы Бұйрық шыққаннан кейін 3-қосымшага сай күнтізбелік жоспар толтырылады.

## **10 ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ЖАРИЯЛАНЫМ БЕЛСЕНДІЛІГІНЕ ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ**

10.1 Қызметкерлердің ғылыми және жарияланымдық белсенділігін талдауды 7.1 - тармаққа сәйкес Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен құрылған сараптамалық комиссия жүргізеді.

10.2 Шыққан жарияланымдар туралы ақпарат ғылыми-зерттеу қызметінің деректер базасының тиісті бөліміне енгізіледі. Автор тиісті деректердің дұрыстығына толықжауап береді.

10.3 Оқытушы-зерттеуші біліктілігін алғаннан кейін бір жыл өткен соң өтініш беруші:

10.3.1 Мақала төмөндегідей талаптарға сай жариялануы тиіс:

a. ағымдағы немесе алдынғы қүнтізбелік қарau жылына арналған ғылыми салалар бойынша ISI Web Science (Web of Knowledge) және/немесе Scopus басылымдарының бірінде Q1-ші, Q2-ші және Q3-ші дәрежелерде қамтылған (2- қосымша);

b. мақаладағы авторлық келесі талаптарға сай болуы керек: бірінші автор немесе корреспондент- автор. Егер мақалада авторлар 2 немесе одан да көп оқытушы- зерттеушілер болса, онда мақаладағы авторлық тәртіп бірінші тұрған авторға есептеледі.

c. Мақала, сондай-ақ қарастырылып отырган кезеңде жоғарыда аталған басылымдарда (10.3.1 a) жарияланған болуы немесе «ескертулермен қабылданды» сатысында болуы мүмкін. Мақаланың жарыққа шығуына дейінгі кезеңде ашық қол

жетімділікте болуына рұксат етіледі (Article in Press)

е. егер оқытушы-зерттеуші КР ФЖБМ гранттық қаржыландыру/бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасында жетекшілік ететін болса, онда ол қарастырылып отырған ағымдағы жылы немесе алдағы күнтізбелік жыл ішінде Q1, Q2 және Q3 гылыми салалары бойынша ISI Web of Science (Web of Knowledge) және немесе Scopus басылымдарда 2 мақала жариялауы қажет. Жарияланымдардың біреуінде оқытушы-зерттеуші бірінші автор немесе автор корреспондент болуы тиіс.

10.3.2. Оқытушы-зерттеуші шетелдік автормен біріге отырып, Қ.Жұбанов атнадағы Ақтөбе өнірлік университеті Хабаршысында ағылшын тілінде кемінде 1 (бір) макала жариялауы қажет.

10.3.3. Өтінім беру және реєми тексеруден өту, жақын арада жарияланған қаржыландыру ғылым салалары және КР бейінді министрліктері бойынша гранттық қаржыландыру/немесе ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру/Erasmus/Америка елшілігінің жобалары / басқа да халықаралық жобалар конкурсында сараптама кезінде шекті балл жинаса. Егер да халықаралық жобалар конкурсында сараптама кезінде шекті балл жинаса. Егер оқытушы-зерттеуші біліктілік берілген уақытта сол күнтізбелік жылда аяқталмайтын гранттық қаржыландыру/бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру /коммерцияландыру /Халықаралық жобалар жобасының басшысы болып табылса, онда өтінім берудін қажеті жоқ.

10.3.4. Біліктілік берілгеннен кейін 5 ай ішінде (500 мың теңгеден кем емес сомага) жергілікті атқарушы органдардың/бизнес өкілдерінің/басқа ұйымдардың қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобаны ұйымдастыруға және іске асыруға қатысады.

10.3.5. Ғылым және инновациялар департаменті тарапынан Қ.Жұбанов атындағы АӨУ Хабаршысы журналы үшін өз мамандық бейіні бойынша берілген барлық мақалалар мен монографияларды сараптау.

10.3.6. Кафедрадан 1 магистрдің тәлімгері болу (магистрдің жұмыс өтілі 3 жылдан аспайды), онымен бірлесіп бір жыл ішінде Scopus немесе FЖБСБСҚҚ (КОКСНВО) дереккорына кіретін журналда кемінде 1 мақала жариялау және FЗТКЖ (НИОКР) зерттеу тобының құрамына, сондай-ақ ғылыми-зерттеу тобының құрамына ғылым және ғылым салалары, КР бейінді министрліктерінен/немесе ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру/Erasmus/Америка елшілігінің жобалары/басқа да халықаралық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған өтінімге енгізу.

10.3.7. Ғылыми зерттеулерді дамыту бағыты бойынша Қ.Жұбанов атындағы АӨУ мен ғылыми-зерттеу институттары немесе кәсіпорындар немесе шетелдік білім беру ұйымдары арасында ең кем дегендеге 1 (бір) шарт жасасу.

10.3.8. Ғылыми іс-шара өткізу және ұйымдастыру.

10.3.8.1. Ең аз дегендеге облыстық аукында ғылыми тақырыпта оффлайн форматта 1 ірі іс-шара өткізу/ Қ.Жұбанов атындағы АӨУ-де оқытын PhD докторанттардың ғылыми дәрежесі алу үшін даярланған диссертацияларына рецензия жүргізу / Қ.Жұбанов атындағы АӨУ базасында тұрақты түрде өткізілетін ғылыми семинарларға басшылық ету.

10.3.8.2. Өз бағыттары бойынша университетішлік СFЗЖ конкурсын ұйымдастыру және сараптама жүргізу (СFЗЖ қатысушыларының саны кемінде 10 білім алушы болуы тиіс).

10.3.8.3. Екі айда кемінде 1 рет төмөндегі мәселелер бойынша ақыл-кеңес беру жұмыстарын жүргізу:

- магистрлік және докторлық диссертациялар жазу;
- ғылыми деректер базаларымен жұмыс;
- КР ФЖБМ FЖБСБСҚҚ тізіміндегі журналдар мен халықаралық рейтингідегі журналдарда мақала жариялау мен рәсімдеу;
- гранттық қаржыландыру конкурстарына өтінімдер рәсімдеу.

10.4. Оқытушы-зерттеушінің біліктілігін беру туралы бұйрық шығарылған сәттен

бастап 5 ай және 1 жыл мерзім өткеннен кейін өтініш беруші Ғылыми-техникалық кеңестің отырысында есеп (4-қосымша) және 10.3.1-10.3.8-тармақтардың орындалғанын растайтын құжаттарды ұсынады. Осылдан кейін FTK шешімі бойынша зерттеуші-оқытушымен келісім-шарт бұзылады немесе ұзартылады

10.5. Келісім-шартты ұзарту мерзімі 10.4 тармаққа сай 1 жылға ғана болады. Оқытушылар аталған біліктілікті 2 жылдан артық уақыт иелене алмайды.

10.6. Бұл ретте 5 ай ішінде Q1-ші, Q2-ші және Q3-ші дәрежелі ғылыми салалар бойынша ISI Web of Science (Web of Knowledge) және/немесе Scopus базасында журналға мақала жазылуы және қарастырылуы, 1 ірі іс-шараның ұйымдастырылуы, СF3Ж конкурсы өткізілуі, жергілікті атқарушы органдардың/бизнес өкілдерінің/баска ұйымдардың қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобаны іске асыруға арналған шарт жасасуы тиіс.

10.7 Осы Ереже бойынша өзіне қабылданған міндеттемелерді орындаған және 10.3.1-10.3.9-тармақтар орындаған жағдайда өтініш беруші алдағы екі жылда оқытушы-зерттеуші біліктілігіне үміткер болу мүмкіндігінен айырылады.

10.8 Біліктілік берілген сәттен бастап 5 айдан кейін FTK шешімі бойынша шарт бұзылған жағдайда оқытушы қосымша төлемнен айырылады және жаңа академиялық жыл басталғанға дейін 0,75 жүктемемен жұмыс істеуді жалғастырады.

## 11 ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

11.1 Аталған Ережені университет ректоры Ғылыми кеңестің шешімі негізінде бекітеді және ол қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

11.2 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу білім беру саласындағы заңнамалық актілерге, нормативтік құжаттарға және ЖОО ішіндегі ережелерге сәйкес жүргізіледі.

11.3 Өзгеріс болған жағдайда, университеттегі Ереженің күші жойылған барлық даналары алынып, жаңаларына ауыстырылуы тиіс.

### КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Мясникова Л.Н.

Стратегиялық даму жөніндегі проректор

Хусаинов Д.С.

Қаржы және инфрақұрылым жөніндегі проректор

Есенбаева Г.Е.

*1-қосымша*

Өтініш үлгісі

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік  
университетінің Басқарма Төрагасы  
– Ректор Л.Ч.Карабасоваға

өтініш иесінің аты жөні (толыктай),  
лауазымы, күрылымы

Өтініш

Сізден менің оқытушы-зерттеуші біліктілігіне тапсырған кандидатурамды  
қарастыруыңыздысұраймын.  
«Оқытушы-зерттеуші» біліктілігін енгізу туралы» Ережемен толық таныстым.  
Оқытушы-зерттеуші біліктілігін алған жағдайда Ережеде көрсетілген талаптарды  
орындауға міндеттенемін.

Қолы.

Күні

*2-қосымша*

№	Басылымның/журналдың сипаттамасы	
	Clarivate Analytics мәліметтері бойынша журнал квартилінің мәні (Q1-Q3, JCR)	Scopus (SJR) мәліметтер базасына сәйкес журнал квартилінің мәні
1	Q1	Q1
2	Q2	Q2
3	Q3	Q3

## Күнтізбелік жоспар

№ р/ с	Жүзеге асырылған іс-шаралар мен міндеттердің атаулары	Орындау мерзімі
1	Scopus немесе Web of Science халықаралық деректер базасына кіретін журналдардан мақала жарыққа шыгару	
2	К.Жұбанов атындағы АӨУ Хабаршысы журналынан шетелдік автормен бірлесе отырып, ағылышын тілінде мақаласын жариялау	
3	Жақын арада жарияланған қаржыландыру конкурсына өтінім беру	
4	Бліктілікті иеленгеннен кейінгі 5 (ай) ай ішінде (500 мын тәңгеден кем емес) жергілікті атқарушы органдардың/бизнес өкілдерінің/басқа үйымдардың каражаты есебінен қаржыландырылатын жобаны дайындау және жүзеге асуру	
5	К.Жұбанов атындағы АӨУ Хабаршысы журналындағы мақалаларға пікір беру	
6	Маманданған саласы бойынша түскен барлық монографияларға пікір жазу	Жыл бойы
7	Публикация статьи в журнале, входящем в базу данных Scopus или КОКСНВО совместно с магистром качестве наставника	Жыл бойы
8	F3TKЖ (НИОКР) және гранттық қаржыландыруға берген өтінімдердегі зерттеу тобы құрамына 1 (бір) магистрді косу	
9	Ғылыми зерттеулерді дамыту бағыты бойынша К.Жұбанов атындағы АӨУ мен ғылыми-зерттеу институттары немесе кәсіпорындар немесе шетелдік білім беру үйымдары арасында ең кем дегенде 1 (бір) шарт жасасу	
10	Ең аз дегенде облыстық ауқымда ғылыми тақырыпта оффлайн форматта 1 ірі іс-шара өткізу/ К.Жұбанов атындағы АӨУ-де оқитын PhD докторанттардың ғылыми дәрежесі алу үшін даярланған диссертацияларына рецензия жүргізу / К.Жұбанов атындағы АӨУ базасында тұрақты түрде өткізілетін ғылыми семинарларға басшылық ету	
11	СF3Ж өткізу және сараптау	Желтоқсан
12	Кенес беру жұмыстары	Жыл бойы
13	Жарты жылдық есеп тапсыру	Шартқа қол қойылған уақыттан бастағанда 5 айдан кейін

Орындаушы \_\_\_\_\_ Т.А.Ж.

Басқарма төрагасы – Ректор \_\_\_\_\_ Карабасова Л.Ч.

**Күнтізбелік жоспардың жүзеге асырылуы туралы есеп**

<b>№ п/с</b>	<b>Жүзеге асырылған іс-шаралар мен міндеттердің атаулары</b>	<b>Орындалғандығы туралы ақпарат</b>
1	Scopus немесе Web of Science халықаралық деректер базасына кіретін журналдардан мақала жарықта шыгару	
2	Қ.Жұбанов атындағы АӘУ Хабаршысы журналынан шетелдік автормен бірлесе отырып, ағылшын тілінде мақаласын жариялау	
3	Жақын арада жарияланған қаржыландыру конкурсына өтінім беру	
4	Бліктілікті иеленгеннен кейінгі 5 (ай) ай ішінде (500 мың теңгеден кем емес) жергілікті атқарушы органдардың/бизнес өкілдерінің/басқа ұйымдардың қаражаты есебінен қаржыландыратын жобаны дайындау және жүзеге асыру	
5	Қ.Жұбанов атындағы АӘУ Хабаршысы журналындағы мақалаларға пікір беру	
6	Маманданған саласы бойынша түскен барлық монографияларға пікір жазу	
7	Публикация статьи в журнале, входящем в базу данных Scopus или КОКСНВО совместно с магистром качестве наставника	
8	F3ТКЖ (НИОКР) және гранттық қаржыландыруға берген өтінімдердегі зерттеу тобы құрамына 1 (бір) магистрді қосу	
9	Фылыми зерттеулерді дамыту бағыты бойынша Қ.Жұбанов атындағы АӘУ мен фылыми-зерттеу институттары немесе кәсіпорындар немесе шетелдік білім беру ұйымдары арасында ең кем дегенде 1 (бір) шарт жасасу	
10	Ең аз дегенде облыстық ауқымдағы фылыми тақырыпта оффлайн форматта 1 ірі іс-шара өткізу/ Қ.Жұбанов атындағы АӘУ-де оқитын PhD докторанттардың фылыми дәрежесі алу үшін даярланған диссертацияларына рецензия жүргізу / Қ.Жұбанов атындағы АӘУ базасында тұракты түрде өткізілетін фылыми семинарларға басшылық ету	
11	СF3Ж өткізу және сараптау	
12	Кеңес беру жұмыстары	
13	Жарты жылдық есеп тапсыру	
14	Жылдық есеп тапсыру	

Орындаушы \_\_\_\_\_ Т.А.Ж.